



Бекітілді:
«Мариyam А» бөбекжайы
меңгерушісі А.Е. Мergenбаева
31.08.2023 жылы
бөбекжайдың №1 педагогикалық
кеңесінің хаттамасы
бойынша келісілді

ЖШС «Мариyam А» «Мариyam А» бөбекжайының
2023-2024 оқу жылында оқу-тәрбие жұмысын
ұйымдастыруға арналған жылдық жоспары

«Мариям А» бөбекжайының қызметін жылдық жоспарлау

Оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары мектепке дейінгі ұйымның маңызды актісі болып табылады. Ол «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңында және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Қойылған міндеттерге сәйкес жылдық жоспар келесі құрылымдық компоненттерді қамтиды.

I. Өткен жылғы жұмысты талдау

Жоспарлаудың тиімділігі көбінесе өткен жылдағы жоспардың орындалуын сапалы талдауға байланысты, оның негізінде алдағы жылға арналған міндеттер анықталатынын негізге ала отырып, өткен оқу жылындағы жасалған жұмыстарға талдау жасап кетелік.

Жоспар бөлімдері бойынша құрылымның нақты болуы мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін талдауға қойылатын негізгі талаптар болып табылады:

денсаулық пен салауатты өмір салтын қамтамасыз ету, осы бөлімде: Балалардың өз денсаулығына саналы көзқарасын тәрбиелеп, денсаулықтың адамға табиғаттың берген басты құндылығы екенін түсіндіріп, көзғалыс белсенділігін дамытуға жағдай жасау. Ата-аналармен тәрбиешілер арасында спорттық шаралар ұйымдастыруды дәстүрге айналдыру. Физикалық қасиеттерді дамыту бағыты бойынша осы міндеттерді жүзеге асыру барысында ұжым жыл бойы кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекеттер өткізіп тәрбиешілер өздерінің тәжірибелерімен бөлісті. Әсіресе, балалардың дене бітімінің дұрыс дамуына ықпал ететін, денсаулығын нығайту мақсатына көп көңіл бөлініп, түрлі іс-әрекеттер және спорттық жарыстар, ата-аналармен біріккен сайыстар ұйымдастырылып жүйелі жұмыстар жүргізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, спорттық және қимылды ойындар үрдісінде, жеке жұмыстар да, балалардың қимыл-қозғалыс қызметтерінде, педагогтер балалардың дене шынықтыру қызметінің жақсаруына жұмыстанды, медициналық және алдын-алу жұмыстарын қоса істеді. Оның барысында балаларда жалпы дене дайындығы жақсарды, жылдамдық және күш сапалары дамыды. Өз-өзіне қызмет көрсету туралы түсініктерін қалыптастыру үшін жүйелі жұмыс және жағдай жасау жолымен педагогтер балаларда салауатты өмір салтының өмірлік дағдылары мен біліктіліктерін, тұрмыстық заттарға деген қамқорлықты дамытты, көшелер де, табиғат жағдайында өзіне және өз денсаулығына құндылықпен қарауға тәрбиеледі. Денсаулықты нығайту бойынша жұмыс нақты ұйымдастырылған, дене шынықтыру-сауықтыру процесі арқылы көп көңіл бөлінеді. Балабақшадағы емдеу - сауықтыру жұмыстары суық тию, тұмау және ЖРВИ-мен сырқаттанушылықты талдау негізінде құрылды, олардың көрсеткіштері күзгі-қысқы-көктемгі кезеңде артады. Барлық емдеу-сауықтыру іс-шаралары педиатр-дәрігермен келісіледі. Бөбекжайда ұжымында баланың денсаулығына, жан саулығына жалпы өмірін сақтауға көп көңіл бөлініп қамқорға алынады. Балалардың денсаулығын сақтау басты міндет болғандықтан бұл жан-жақты қаралады, мысалы, педагогикалық үрдісті бақылау немесе мақсаттық қатысулар бойынша ертеңгілік жаттығулар, шаттық шеңберлері, ұйқыдан кейінгі шынықтыру шаралары, серуен секілді күн тәртібінің барлық бөлімдері үнемі бақылауда болады. Ай сайын тәрбиешілер топ балаларымен «Жүзден жүйрік», «Сылдырмақты сылдырлат», «Толағай», «Күзгі оқиғалар», «Қысқы ойындар», «Спорт батырлары» т.б ойын-сауықтар, денсаулық мейрамдары, ұйымдастырды. Топтар бойынша ұйқыдан кейінгі шынықтыру жаттығулар жинағы жасалып, күн сайын жаттығулар жасалып тұрады. Ата-аналармен «Біз спорттық жанұя», «Әкем, шешем және мен» сайыстары оздырылды

2022-2023 жылғы балалардың ауруы бойынша сараптама
ОРВИ- 5;Жедел Бронхит- 3 ;Жедел Фарингит -13 бала болды.

Сауықтыру жұмысын ұйымдастыру, шынықтыру, рационалды тамақтануды ұйымдастыру

Балалардың дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуына, қан айналымының жақсартуына, көздерін дем алтуға, балалардың арқалары қолдарындағы, табандарындағы нуктелерді оятуға арналған жаттығуларды жасату жұмыстары күнделікті ұйымдастырылады. Суық тиюге және майтабанға қарсы жаттығулар жасау арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дене сымбатын жетілдіру, қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.балалардың көңіл –күйін көтеру, мәдени-гигиеналық талаптарды орындау тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түскі ұйқыдан кейін баланың сергек болуы тәрбиешінің ерекше назар аударуын талап етеді, сондықтанда күнделікті ұйқы ашар шаралары мен жаттығуларын бақылау барысында барлық топтарда түскі ұйқыдан кейін баланы сергіту гимнастикасы уақытылы белгіленген тәріп бойынша жасалады. Оның дене бітіміне жайлылық және психологиялық жағымды әсер береді. Ұйқыдан ояну кезі келгенде ақырын ырғақты әуен қойып, оянудың міндетті шарттарын жасай отырып баланың оянуына мүмкіндік береміз. Тәрбиеші балаларды көтереңкі көңіл-күймен оятады, өйткені ұйқыдан оянған баланың бірінші көретіні-ол күлімдеген жылы жүзді адам. Ұйқыдан ояту шараларын баланың жас ерекшелігіне сай 7 минуттан бастап 15 минутқа дейін жүргізуге болады. Ал ересек топ балалары үшін 20 минутқа созылуы мүмкін

Жаңадан келген балаларды күнделікті күн режиміне үйрету (ата-аналармен қарым – қатынас орнатып, жақынырақ танысып, балаларының өсіп –өнуі жөнінде түсінік беру т,б) жұмыстары жоспарға сай ұйымдастырылды.

Мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыруға байланысты:

-тамақты шайнағанда ауызды жауып шайнау

-үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру

-топта өзін ұстау ережелерін сақтау

ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбилеу

- киімдеріне ұқыпты қарауға, өзіне-өзі қызмет етуге,тиянақтылыққа қарауға үйрету жұмыстары жүргізілді.

Бала үстел басында тек дұрыс отыруды ғана емес, сонымен қатар асхана құралдарын пайдалануды, сыпайы , ұқыпты болуға үйренді

Тамақтану-баланың физиологиялық және психологиялық өсу үдерісінің қалыпты, дұрыс өтуін қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі, тамақ сапасының төмендеуі бала ағзасының қорғау-бейімдеу механизмінің деңгейінің төмендеуіне әкеліп соғады және аллергиялық әрекеттің өсуіне мүмкіндік туғызады, сондай-ақ асқорыту ағзасының ауруына себепші болады. Сондықтан да біздің бөбекжайда тамақ сапасына ерекше көңіл бөлінеді.

Біздің мекемеде тамақты ұйымдастырудың негізгі принциптері мыналар:

* Тамақ мөлшерінің энергетикалық құндылықтары баланың энергетикалық шығындарына сәйкес келеді;

* Тамақ мөлшеріндегі барлық ауыстырылатын және ауыстыруға болмайтын азық түліктер теңдестірілген.

* Тамақ мөлшерінің теңдестірілуін қамтамасыз ететін азық-түліктер мен тамақтардың көптеген түрлері;

* Азық-түліктердің технологиялық және аспаздық дұрыс өнделуі, олардың тамақ құндылықтарының бастапқы қалпын сақтауға бағытталған, сондай-ақ тағам дәмінің жоғары сапасы.

* Үйлесімді тамақтану тәртібі, айналадағы жағдай балалардың тамақтаны мәдениетін дағдыландыруға себепші болады;

* Тамақтануға деген гигиеналық талаптарды сақтау (тамақтану қауіпсіздігі)

Біздің бөбекжайда күніне 4 рет тамақтанады: Таңғы ас – сүт ботқалары: сұлы, күріш, қарақұмық, бидай, макарон өнімдерінен көже. Ботқалар жұмыртқа, ірімшік өнімдерімен ауыстырылып отырады. Сусын ретінде сүт қосылған кофе, какао, маймен, сыр бутерброды. Түскі ас: бірінші ыстық тағам - щи, борщ, көкөніс көжесі, балық сорпасы, жарма немесе макарон өнімдері қосылған көжелер. Екінші тағам – бұқтырылған ет, тартылған ет қосылған тағамдар. Үшінші тағам – кепкен көкөністерден компот, кисель. Бесіндегі ас - сүт, ішетін йогурт, шырын, печенье, тоқаштар немесе бөлкелер.

Әкімшілік-шаруашылық және балалардың мектепке дейінгі ұйымда болуының материалдық-техникалық және медициналық-әлеуметтік жағдайлары:

Бөбекжайдың жобалық қуаттылығы 48 балаға есептелген, балалардың жас кезеңдеріне сәйкес 3 топ құрылды. Ғимарат екі қабатты тастан салынған. Жалпы алаңы - 185 м²; Жобалық қуаттылығы: 48 бала.

Осы оқу жыл аралығында бөбекжай педагогтары және ата-аналар қолдауымен балалардың шығармашылығын дамыту барысында бөбекжайдың заттық дамытушы ортасын толықтыруда балаларға арналған санамақтар, ертеңгілік жаттығуға арналған дәстүрлі емес құралдар (ленталар, өрілген жіптер, таяқшалар, май табанды алдын алуда түрлі жаттығу массаж жолдары т.б) саусақ театрына арналған қуыршақтар, көлеңке театрына арналған ертегілер, фигуралы үлкен трафареттер, зерттеу, зерделеу және бұйымдар жасауға арналған әртүрлі табиғи материалдар, ауыл шаруашылығы және тұрмыстық еңбектің фото және суреттері бар альбомдар, "Дыбыс", "Су және ауа", тақырыптары бойынша эксперименттерге арналған жабдықтар, өсімдіктер гербарийлерінің жиынтығы, спортшылар туралы альбомдар, дұрыс тамақтану туралы альбомдар, салауатты өмір салтын насихаттау альбомдары, доптарға арналған себет, лақтыруға арналған қалталар, тақырыптық альбомдар жиынтықтарын өз қолдарымен жасап толықтырды.

II. Жылдық міндеттерді жоспарлау

ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжай туралы мәлімет

Атауы: ЖШС «Мариям А» «Мариям А» бөбекжай

Мекен – жайы: Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы Күлтегін 36/1

Электрондық мекен-жайы:

Веб-сайт:

Менгеруші: А.Е.Мергенбаева

Жұмыс кестесі: Аптасына 5 күн. Сағат 08.00. нан 18.00 –ге дейін.

Топтар саны: 3 топ.

Оқыту тілі: Қазақ тілі

Жобалық қуаттылығы: 48 бала

Ғимарат түрі: 2 қабатты

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары

Кадрлармен қамтамасыз етілуі: Бөбекжайда барлығы 9 педагог қызмет етеді. Менгеруші, әдіскер-1, педагог-психолог-1, қазақ тілі-1, музыка жетекшісі-1, тәрбиеші-5.

Онда:

жоғары педагогикалық біліммен – 1

арнаулы орта біліммен – 8 педагог

Санаты бойынша:

Педагог-зерттеуші -0;

педагог-сарапшы-0;

педагог-модератор- 3;

санаты жоқ – 5 педагог

Демалыс күндер: сенбі, жексенбі, мерекелік күндер

Бөбекжайдың басты міндеттері:

Міндеттер сипаты	Күтілетін нәтиже
- Ойын арқылы оқытуда мектепке дейінгі балалардың ой-қабілеттерін, танымдық сезімдерін, балалардың тілін, сөздік қорларын дамыту	балалардың зейінін, ойлау, зерде үрдісін дамыту, қиялдарын ұштау, тапқырлыққа жетелеу - Адамгершілік негіздері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру. - Мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты дамытып тәрбиелеу

«Мариям А» бөбекжай топтарының жиынтығы

Топтар	Тәрбиешілер
«Еркем-ай» кіші- топ	Ескалиева З.Б., Бегеева З.М.
«Құлыншақ» ортаңғы топ	Казилова Н.Ж., Сыдықова Г.Н.
«Айгөлек» ересек топ	Сыдықова Г.Н., Есниязова А.Е.

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды даярлық сыныптары өз қызметінде мынадай нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000345>

«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000306>

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z020000343>

Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>

«Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023469>

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>

Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029329>

Білім беру қызметтерін көрсетудің үлгілік шартының нысандары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013227> Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгіштаттары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P0800000077> Педагог

қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V0900005750>

Жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013272>

Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015584>

Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен

жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1900018239>

Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020883>

Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020708>

Жылдық міндеттерді шешуге бағытталған іс шаралар:**1.Педагогтердің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін арттыру 2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өткізу жұмысының жоспары.**

- біліктілікті арттыру курстарынан өту

№	Аты-жөні, тегі	2022	2023	2024	2025	2026
1	Мергенбаева Айсауле Ержанқызы				+	
2	Жангалиева Гульмира Абаевна				+	
3	Кожанова Анаргул Амангелдиевна				+	
4	Бимуханова Гульмира Болатовна					+
5	Есниязова Айнагуль Ербулатовна				+	
6	Сыдықова Гүлнұр Нурболатқызы				+	
7	Казиева Назира Жалғасқызы				+	
8	Бегеева Замира Мухтаровна				+	
9	Ескалиева Зайгуль Болатқалиқызы				+	

- Аттестаттауға дайындық және аттестаттау;

№	Жұмыс мазмұны	Күгілетін нәтиже	Мерзімі	Жауапты
Ұйымдастырушылық саты				
1	Ағымдағы оқу жылы жоспары бойынша аттестациядан өтетін педагогикалық қызметкерлердің тізімін жасақтау	Бұйрық, құжаттар жинақтамасымен аттестатталатын педагогтарды таныстыру. аттестациядан өткізу бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту,	1 қыркүйекке дейін	Бөбекжай Меңгерушілері педагогтар
2	АК отырысы, аттестатталушы педагогтардың қатысуымен.	Педагог қызметкерлерді аттестаттау ережесі және шарттарымен таныстыру. Аттестатталушы педагогтардың жеке портфолиоларын жасақтау бойынша кеңес беру.	Қыркүйек	АК, Аттестат талушы педагогтар
3	АК қызметін жоспарлау	АК жұмыс жоспары	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
4	Іс-тәжірибені қорыту	Шығармашылық іс-тәжірибесін таратуға және қорытуға ұсынған педагогтардың әдістемелік құралдарын талдау және қалалық білім беру бөліміне ұсыну	Педагогтердің талапта рына сәйкес	АК, Аттестатталушы педагогтар
5	Аттестатталушы педагогтарға арналған кеңестер, жеке педагогикалық қызметті талдау	«Педагог портфолиосын» жасау	15 мамырға және 15 қараша ға дейін	Әдіскер, аттестат талушы педагогтар
Серіктестік				
1	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің жоспарлануын,	Циклограммалар, ҮІӨ	Жыл бойы	АК мүшелері

	ұйымдастырылуын тексеру			
2	Қалалық әдістемелік бірлестіктердің жұмысына қатысу	Арай қауымдастығының әдістемелік бірлестігі	Жоспар бойынша	Тәрбиеші, әдіскер
3	Әдістемелік жұмысқа қатысу	Педагогикалық, әдістемелік кеңестер, ата-аналар жиналыстары	Жоспар бойынша	Аттестат талушы педагогтар
4	Іс-тәжірибемен бөлісу	Аттестатталушылардың өз тәжірибесін көрсетуі, пед кеңестерде, қалалық әдістемелік бірлестік пен облыстық семинарларға қатысу, республикалық, облыстық басылымдарға жариялану	Әр дайым	Аттестат талушы педагогтар
Аттестаттауды жүргізу және талдау				
1	Аттестатталушы педагогтардың қызметін зерттеу, портфолиосын бағалау	жұмыс тәжірибелерінің электронды нұсқалары, әдістемелік жинақ, көрнекіліктер, портфолиолары	15 мамыр-15 маусым, 15 қараша-15 желтоқсан	Сараптамалық кеңес мүшелері
2	АК отырысы	Жұмыстары мен ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттерін талдау, мінездеме беру, портфолионы қарау, біліктілік санатын беру, растау туралы шешім, бұйрық шығару және куәліктерді беру	I кезең 15 шілдеге және II кезең 25 желтоқсанға дейін	АК төрайымы және мүшелері,
3	2024-2025 оқу жылына аттестатталуға өтініш беру	Аттестациядан өтетін педагогикалық қызметкерге өтініш жазғанда жеке кеңес беру, құжаттар жинағы. Аттестатталушылардың 2024-2025 оқу жылының өтінішін қабылдау және оны тіркеу	2024 жылғы 25 желтоқсанға дейін	әдіскер Аттестатта лушы педагогтар

2023-2024 оқу жылында аттестаттаудан өтетін педагогтар

Т.А.Ә	лауазымы	санаты	Өтініш берген санаты	уақыты
Мергенбаева Айсауле Ержанқызы	Әдіскер	Педагог	Педагог-модератор	2023-2024
Кожанова Анаргүл Амангелдиевна	Музыка жетекшісі	Педагог	Педагог-модератор	2023-2024
Бегеева Замира Мухтаровна	Тәрбиеші	Педагог	Педагог-модератор	2023-2024
Ескалиева Зайгуль Болатқалиқызы	тәрбиеші	Педагог	Педагог-модератор	2023-2024

Педагогтердің өз білімін жетілдіруі;

Педагогтерге өз білімдерін жетілдіру бойынша қажеттіліктері мен сұраныстарына қарай ақпараттар мен ұсыныстар беру. Интернет желісін, платформалар мен республикалық

чаттар, телеграмм, ватсап, фейзбук қосымшаларындағы өз мамандықтарына қатысты топтармен жұмыстануды ұсыну.

№	Педагогтардың аты-жөні	Өз бетімен білімін көтеру тақырыбы
1	Мергенбаева Айсауле Ержанқызы	«Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі маңыздылығы»
2	Жангалиева Гульмира Абаевна	«Отбасымен жұмысты ұйымдастыру барысында ата – аналардың психологиялық күзіреттілігін арттыру»
3	Кожанова Анаргул Амангелдиевна	Шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамын дамытудың бірден бір құралы»
4	Бимуханова Гульмира Болатовна	«Қазақ тілін үйретудің тиімді жолдары»
5	Есниязова Айнагуль Ербулатовна	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың дәстүрден тыс сурет салу техникасын дамыту»
6	Сыдықова Гүлнұр Нурболатқызы	«Қоршаған орта және бала»
7	Казиева Назира Жалғасқызы	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдерін ертегі арқылы дамыту»
8	Бегеева Замира Мухтаровна	«Дидактикалық ойындар арқылы баланың ойлау қабілетін, тілін дамыту»
9	Ескалиева Болатқалиқызы	Зайгуль «Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту»

Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

№	Тақырыбы	Мақсаты	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа оқу жылының жаңалықтары мен жоспарлары	2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқаулық хатымен танысу, талдау. Бөбекжайдың жылдық жұмыс жоспарын бекіту, 2023-2024 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттарын, педагогикалық үрдісті ұйымдастыру ерекшелігін анықтау. Пән мұғалімдерінің ҰІӨ кестелерін, топтардың күн тәртібі мен жылдық жұмыстарын талдау, бекіту.	тамыз	Менгеруші, әдіскер
2	Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін денсаулық сақтау технологиясы арқылы ұйымдастыру.	«Мектепке дейінгі ұйымында қолданылатын денсаулық сақтау технологиялардың тиімділігі» «Дене шынықтыру жолдары» Ұйымдастырылған іс әрекетінде дәстүрлі емес құралдарды қолдану	қараша	Менгеруші, әдіскер
3	«Балалардың жас ерекшелігіне қарай бейнелеу өнері түрлерін қолданудың әдіс – тәсілдері».	«Бейнелеу өнері пәнін оқытуда балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру» « Мектепке жасына дейінгі балаларды сурет салуға әр түрлі әдістерді қолдану арқылы бейнелеу өнеріне баулу	қаңтар	Менгеруші, әдіскер

		әдісі»		
4	«Бала тәрбиесіндегі заманауи ойындар»	Балаларға тәрбие мен білім беруде заманауи ойындар мен құралдарды қолдануға үйрету. ҰІӨ-терінде түрлі ойын элементтерін енгізіп, ойлау, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. Заманауи ойындарды атап, ойнауға, тануға үйрету.	наурыз	Меңгеруші, әдіскер
5	«2023-2024 оқу жылы жүргізілген тәрбие мен оқыту жұмыстарының қорытынды талдауы. 2024 ж. жазғы уақытта өткізілетін жұмыстарды ұйымдастыру»	Оқу жылының қорытындысын шығару, 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс бағытын әзірлеу. Жазғы кезең жұмысын ұйымдастыруды талқылау, бекіту.	мамыр	Меңгеруші, әдіскер

- Әдістемелік кеңестер (ӘК)

№	Тақырыбы	Түрі	Мерзімі	Жауапты
1	1.2023-2024 оқу жылының әдістемелік нұсқау хатымен таныстыру. 2. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері 3. Тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері. 4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту саласы педагогтерінің басты міндеттері 5. Тақырыптық бақылау. Тәрбиешілердің педагогикалық құжаттарының дайындығы	Дөңгелек үстел, пікір талас	Қазан	Әдіскер
2	«Ойындар әлеміне саяхат» Тақырыптық бақылау. «Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары» қорытындысы:	Іс тәжірибелік семинар	Ақпан	Әдіскер
3	«Ойын - тәрбие мен білім құралы» Тақырыптық бақылау. Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі	Шеберлік сынып	Сәуір	Әдіскер

- Озық педагогикалық тәжірибені зерделеу, жалпылау, енгізу, тарату;

№	Педагогтың аты-жөні	Тәжірибенің тақырыбы	Жұмыс кезеңінің оқып-үйрену, қорытындылау таратылу түрі	мерзімі	Жауапты
1	Мергенбаева Айсауле Ержанқызы	«Ұлттық ойындардың бала тәрбиесіндегі маңыздылығы»	Қалалық іс-тәжірибелік семинарда іс-тәжірибесімен бөлісу.	қараша	Директор Әдіскер
2	Жанғалиева Гульмира Абаевна	«Отбасымен жұмысты ұйымдастыру барысында ата – аналардың психологиялық күзіреттілігін арттыру»	Облыстық іс-тәжірибелік семинарда, конференциялар да іс-тәжірибесімен бөлісу, Қалалық әдістемелік бірлестіктерге қатысу, Тәжірибе тарату,	Жыл бойы	Тәрбиеші Әдіскер
3	Кожанова Анаргул Амангелдиевна	Шығармашылық қабілеттері мен эстетикалық талғамын дамытудың бірден бір құралы»	Қалалық іс-тәжірибелік семинарда, конференциялар да іс-тәжірибесімен бөлісу, Қалалық әдістемелік бірлестіктерге қатысу, Тәжірибе тарату,	Жыл бойы	Әдіскер
4	Бимуханова Гульмира Болатовна	«Қазақ тілін үйретудің тиімді жолдары»	Қалалық әдістемелік бірлестіктерге, бөбекжай ішілік семинарларға, пед кеңестерге ашық шаралар көрсету, қатысу. Тәжірибе тарату,	Жыл бойы	Тәрбиеші Әдіскер
5	Есниязова Айнагуль Ербулатовна	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың дәстүрден тыс сурет салу техникасын дамыту»	Облыстық, қалалық әдістемелік бірлестіктерге, бөбекжай ішіндегі семинарларға, пед кеңестерге ашық шаралар көрсету, қатысу, Тәжірибе тарату,	Жыл бойы	Тәрбиеші Әдіскер
6	Сыдықова Гүлнұр Нурболатқызы	«Қоршаған орта және бала»	Қалалық әдістемелік бірлестіктерге, балабақша ішілік семинарларға, пед кеңестерге ашық шаралар көрсету, қатысу, Тәжірибе тарату.	Жыл бойы	Тәрбиеші Әдіскер
7	Казиева Назира Жалғасқызы	«Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілдерін ертегі арқылы дамыту»	Қалалық әдістемелік бірлестіктерге, балабақша ішілік семинарларға, пед кеңестерге ашық шаралар көрсету, қатысу, Тәжірибе тарату.	Жыл бойы	Тәрбиеші Әдіскер

8	Бегеева Замира Мухтаровна	«Дидактикалық ойындар арқылы баланың ойлау қабілетін, тілін дамыту»	Облыстық, қалалық әдістемелік бірлестіктерге, балабақша ішілік семинарларға, пед кеңестерге ашық шаралар көрсету, қатысу, Тәжірибе тарату.	Жыл бойы	Тәрбиеші Әдіскер
9	Ескалиева Зайгуль Болатқалиқызы	«Дидактикалық ойындар арқылы балалардың тілдерін дамыту»	Қалалық әдістемелік бірлестіктерге, балабақша ішілік семинарларға, пед кеңестерге ашық шаралар көрсету, қатысу, Тәжірибе тарату.	Жыл бойы	Тәрбиеші Әдіскер

-заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру;

-жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар (ғылыми жарыстар) конкурстарының, орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесіне сәйкес конкурстарға қатысу;

-педагогтерге арналған кеңестер

Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын қорғау жұмыстары.

Мақсаты: медициналық-педагогикалық бақылауды, балалардың дене дамуын жетілдіру, денсаулығын нығайту және өмірін қорғау жұмыстарын жандандыру.

№	Жүргізілетін іс-шаралар	Өткізілу мерзімі	Топтар	Дәрежесі	Жауапты
1	Баланың өмірін қорғау туралы нұсқаулар	Жарты жыл сайын	Барлық топтар	Қызметкерлермен	Директор
2	Өрт қауыпсіздігі туралы	Тоқсан сайын	Ересек топ	Тәрбиешілермен	Директор
3	Медициналық көмек	Үнемі	Барлық топтар	Қызметкерлермен	Медбике
4	Ойыншықтар, оқу тәрбие құралдарының сапасын тексеру	Үнемі		Тәрбиешілермен	Директор
5	Ауланың тазалығы	Күнделікті		Қызметкерлермен	Директор, ш.меңгер.
6	Улы шөптердің, тікенек ағаштардың	Жаз айларында		Тәрбиешілермен	
7	болмауы	Ай сайын		Тәрбиешілермен	Әдіскер
8	Жолдан өту тәртібін сақтау		Жоғары топтар		
9	Күн салқын кезінде төмен температурадан сақтану	Күз, қыс айларында	Барлық топтарда	Тәрбиешілермен	Медбике
10	Гигиеналық машықтарды сақтау	Ай сайын		Тәрбиешілермен	Медбике
	Сауықтыру	Екі апта сайын		Тәрбиешілермен	

11	шынықтыру шаралары Топтағы, ауладағы заттардың икемді тұруын тексеру	Ай сайын		Қызметкерлермен	Шар менгерушісі
----	---	----------	--	-----------------	--------------------

Дене шынықтыру ойын-сауықтары мен мерекелерінің жоспары

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысушылар санаты	Мерзімі	Жауапты
1	«Шынықсаң шымыр боларсың»	Спорттық жарыс	«Айгөлек» ересек тобы	Қыркүйек	топ тәрбиешілері
2	«Аяздан қорықпаймыз»	Эстафеталық жарыс	«Айгөлек» ересек тобы	Қаңтар	топ тәрбиешілері

2. Денсаулық күндері (ДК)

№	Тақырыбы	Түрі	Қатысушылар санаты	Мерзімі	Жауапты
	«Деніңнің сау болғаны өзіңді сыйлағаның»	Жарыс	«Құлыншақ» ортаңғы «Айгөлек» ересек тобы	Қазан	топ тәрбиешілері.
	«Шана жарысы»	Эстафеталық ойындар	«Құлыншақ» ортаңғы «Айгөлек» ересек тобы	Ақпан	топ тәрбиешілері.
	«Спорт бұл мен және көңілді достарым»	Ойын сауық	«Еркем-ай» кіші «Құлыншақ» ортаңғы «Айгөлек» ересек тобы	Сәуір	топ тәрбиешілері.
	«Велосипедтермен жарыс»	Спорттық сайыс	«Құлыншақ» ортаңғы «Айгөлек» ересек тобы	Мамыр	топ тәрбиешілері.

Тәрбиелеу-білім беру процесін психологиялық-педагогикалық және медициналық қолдау: педагог-психологтың, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды ұйымдастыруда арнайы педагогтың, медицина қызметкерлерінің жұмыс түрлері.

Психологиялық қызметтің мақсаты: Әр баланың денсаулығын шынықтыру, мектепке дайындау, психикалық дамуына жағдай жасау

Психологиялық қызметтің міндеті:

- Мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде жақсы мінез-құлыққа, білімділікке, ақылдылыққа баулу.
- Баланың психикалық және тұлғалық дамуына ықпал ету;
- Балаларды оқыту мен тәрбиелеу барысында мұғалімдерге, ата-аналарға психологиялық кеңестер беру;

Күтілетін нәтиже: қорытындысында мектепке даярлық деңгейі жоғары, тәрбиелі бүлдіршіндерді шығару.

Психолог жұмысының негізгі бағыттары

1. Психологиялық диагностика.

Мақсаты: тұлғаның жеке және жас ерекшелігін, тұлға аралық өзара әрекет ерекшеліктерін зерттеу. Әрбір балаға психологиялық педагогикалық диагноз жасау.

Әр баланың психологиялық зерттеу:

- балабақшаға алғаш келген кезеңі;
- тұлғалық даму кезеңі;
- баланың мектепке даярлау кезеңі болып табылады.

Танымдық үрдістерді анықтау:

- ойлау; -қиялдау; -есте сақтау; -қабылдау; -зейін

2. Психотүзету және дамыту.

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуындағы ауытқуларды болдырмау, жалпы оқу дағдысы мен біліктілікті дамыту. Әрбір зерттелушінің зерттелген жұмыс

қорытындысына орай жүргізіледі. Әр баланың қажеттілігіне қарай, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қарай тақырыбы таңдалады. Бұл зерттелу жұмыс нысанасына:

- тұйық балалар;
- қозғыштығы басым балалар;
- агрессивті балалар;
- мазасыз балалар жатады.

3. Психологиялық консультация.

Мақсаты: педагогикалық үрдіске қатысушыларға мәселелерді шешуге көмектесу. Бұл жұмыс түрлері:

- ата-аналардың бала тәрбиесіне қатысты мазалап жүрген сұрақтарына байланысты;
- педагогтардың бір-бірімен өзара қалыпты қарым – қатынас орнатуда; (сауалнама, тренингтер)
- МДҰ-ның жылдық жұмыс жоспарын құруда әкімшілікпен бірлесе отырып, баланың жас ерекшелігін топтастыруда педагогикалық-психологиялық кеңестер беру жатады

4. Психологиялық азарту және алдын-алу жұмыстары.

Мақсаты: тұлғаның психологиялық және тұлғалық дамуында кездесетін сәтсіздіктерге ескерту жасау. Бұл -балалармен, ата-анамен, педагогтармен және ұжымның барлық мүшелерімен алдын-ала жүргізілетін жұмыс түрі. Бұнда жүргізілген жұмыс нәтижесіне байланысты кеңестер мен ұсынбалар беріледі.

Қыркүйек

№	Жұмыс атауы	Мақсаты	Контингент	Жауапты	Шығыс
Дайындық кезең					
Психологиялық карта дайындау	Құжатпен жұмыс	Бала бойындағы ерекшеліктерді, таным процестерді анықтау	балалар	Психолог	Баланың жеке картасы
Мектепке дейінгі ұйымның ұжымына жаңадан келген ұстаздармен және балалармен жұмыс	Бейімділікте көмек көрсету	Әңгімелесу	Тәрбиешілер балалар	Психолог	Кеңес журналы
Диагностикалық жұмыс	Баланың жеке даму ерекшеліктерін зерттеу. 1. Жад /есте сақтау/ Әдістеме: «Суреттерді есте сақта!» 25бет 2. Ойлау Әдістеме: «Бір сөзбен ата» 25-26 б 3.Қабылдау/ұғыну/ Әдістеме: «Не жоғалды?» 28-29б 4.Зейін Әдістеме: «Айырмашылықтарын тап»29-30б	Баланың таным процесстерін анықтау	кіші топ Ортаңғы топ Ересектер тобы	Психолог	Анықтама

Ағартушылық – кеңес жұмысы. Оқыту этапы.	Ата –аналар жиналысы : Баланың бала бақшаға алғашқы келуі, бейімделу.	Бейімделу кезінде қолдау көрсету	Балалар	Психолог	Хаттама
	Баланың жеке тұлғалық картасын дайындау	Баланың мінезін бақылаудағы карта толтыру	Балалар	Психолог	Баланың жеке картасы
Қазан					
Диагностика	«Бір сөзбен ата»	Баланың ойлау қабілетін анықтау	Ортаңғы топ	Психолог	Анықтама
	«Не жетіспейді?»	Баланың қабылдауын анықтау	Ересектер тобы	Психолог, тәрбиешілер	Анықтама
Түзету –дамыту жұмысы	Қимыл үйлесімділігін дамытуға бағытталған жұмыс, жаттығулар.		Балалар	Психолог, тәрбиешілер	Хаттама
Ағартушылық кеңес жұмысы	Ұжымдағы өзара қарым-қатынас мәдениеті.	Кеңес беру	Ата-ана, тәрбиешілер	Психолог	Хаттама
Қараша					
Диагностика	«Жыл мезгілдері»	Баланың ойлау қабілетін анықтау	Ересектер тобы	Психолог	Анықтама
	«Белгілерді қой»	Баланың зейінін анықтау	Ересектер тобы	Психолог, тәрбиешілер	Анықтама
Түзету –дамыту жұмысы	«Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық қабілетін қалыптастыру» тақырыбында ата-аналарға	Кеңес беру	Балалар, тәрбиешілер , ата-аналар	Психолог, тәрбиешілер	Хаттама
Ағартушылық кеңес жұмысы	Қиын-бала мен қырсық бала.	Баяндама	тәрбиешілер	Психолог	Хаттама
Желтоқсан					
Диагностика	«Төртіншісі артық»	Баланың ойлау қабілетін анықтау	кіші топ	Психолог	Анықтама
	«Жемістер»	Баланың ойлау қабілетін анықтау	Ортаңғы топ	Психолог	Анықтама
	«Сөздерді жаттап	Баланың есте	Ересектер	Психолог	Анықтама

	ал»	сақтау қабілетін анықтау	тобы		
Түзету –дамыту жұмысы	Балалардың отбасылық қарым-қатынасы	Баланың отбасындағы қарым- қатынасын анықтау	Балалар, тәрбиешілер , ата-аналар	Психолог, тәрбиешілер	Хаттама
Ағартушылық кеңес жұмысы	Қимылдық ойындардың тұлға өміріндегі маңызы.	Тренинг	Балалар, тәрбиешілер	Психолог	Хаттама
	3-6 жас арасындағы бала психикасы.	Дәріс, топта	Балалар, тәрбиешілер	Психолог	Хаттама

Қаңтар

Диагностика	«Не жоғалды»	Баланың қабылдауын анықтау	II кіші топ	Психолог	Анықтама
	«Суретте қандай заттар жасырылған?»	Баланың қабылдауын анықтау	Ортаңғы топ	Психолог	Анықтама
	«Жыл мезгілдері»	Баланың ойлау қабілетін анықтау	Ересектер тобы	Психолог	Анықтама
Түзету –дамыту жұмысы	Қарым – қатынасқа байланысты жаттығу жұмыстары	Баланың отбасындағы қарым- қатынасын анықтау	Балалар, тәрбиешілер , ата-аналар	Психолог, тәрбиешілер	Хаттама
Ағартушылық кеңес жұмысы	Ерте жастағы балалармен ұйымдастырылға н жұмыстар бойынша әдістемелік ұсыныстар.	Кеңес беру	Балалар, тәрбиешілер	Психолог	Хаттама
	Балалардың психологиялық танымдық үрдісін анықтау.	Кеңес беру	Ересек топ балалары	Психолог	Хаттама

Ақпан

Диагностика	«Айырмашылықт арын тап»	Баланың зейінін анықтау	кіші топ	Психолог	Анықтама
	«Айырмашылықт арын тап»	Баланың зейінін анықтау	Ортаңғы топ	Психолог	Анықтама
	«Қисынсыздықта р»	Баланың ойлау қабілетін анықтау	Ересектер тобы	Психолог	Анықтама
Түзету –дамыту	Тұрмысы ауыр	Балаға	Балалар,	Психолог,	Хаттама

жұмысы	отбасындағы балаларға психологиялық көмек, қолдау	психологиялық қолдау көрсету	тәрбиешілер, ата-аналар	тәрбиешілер	
Ағартушылық кеңес жұмысы	Жаман әдеттердің пайда болуы мен дамуын қалай тоқтатуға болады.	Кеңес беру	Балалар, тәрбиешілер	Психолог	Хаттама
Наурыз					
Түзету –дамыту жұмысы	Қимыл үйлесімділігін дамытуға бағытталған жұмыс, жаттығулар.	Балаға психологиялық қолдау көрсету	Балалар, тәрбиешілер, ата-аналар	Психолог, тәрбиешілер	Хаттама
Ағартушылық кеңес жұмысы	Эмоционалды-адамгершілік сферасын және қарым-қатынас дағдыларын дамыту	Кеңес беру	Балалар, тәрбиешілер	Психолог	Хаттама
	Сіз қандай ата-анасыз?	Сауалнама	Ата-аналар	Психолог	Хаттама
Сәуір					
Диагностика	«Фигуралардың суретін жалғастыр»	Баланың қиялын анықтау	Ересектер тобы	Психолог	Анықтама
Ағартушылық кеңес жұмысы	Балаңыз мектепке дайынба?	Дөңгелек үстел	Ата-аналар	Психолог	Хаттама
Мамыр					
Ағартушылық кеңес жұмысы	Топтық ата-аналар жиналысы	Кеңес беру	Ата-аналар	Психолог	Хаттама
	Бөбекжайдағы ересек топтың мектепке дайындығын зерттеу индикаторы	Кеңес беру	Ересектер тобы	Психолог	Хаттама
	Ата-аналар жиналысына қатысу	Кеңес беру	тәрбиешілер, ата-аналар	Психолог	Хаттама

VI. Ата-анамен жұмыс

Мақсаты: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруде ата-аналардың педагогикалық құзыреттіліктерін жоғарылату, баланың жан-жақты дамуы үшін ата-аналар мен балабақшаның өзара әрекетін белсендендіру, ата-аналардың педагогикалық мәдениетін жоғарылату.

№ / Айлар	Жүргізілетін жұмыс түрлері мен мазмұны	Жауаптылар
№1 Қыркүйек 2023 ж.	1. Жаңадан келген ата-аналармен танысу, келісім-шарт жасасу, бейімделу кезеңі бойынша жеке кеңестер беру. 2. Жалпы ата-аналар жиналысы: «Балабақша мен	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, медбике

	отбасының алғашқы қадамы». - Балабақшаның ішкі тәртіп ережелері мен оқу-тәрбие жоспарымен таныстыру. - Топ тәрбиешілерін таныстыру және ата-аналар комитетін сайлау. 3. Кеңес: «Баланың балабақшаға жеңіл бейімделуі (адаптация)»	
№2 Қазан 2023 ж.	1. Көрме ұйымдастыру: «Күзгі қиял» (табиғи материалдардан жасалған балалар мен ата-аналардың бірлескен шығармашылық колөнер жұмыстары).	Әдіскер, тәрбиешілер
№3 Қараша 2023 ж.	1. Педагогикалық лекторий / Кеңес: «Баланың ұсақ моторикасын дамыту – ойлау қабілетінің негізі». 2. Жеке кеңес беру: Баланың гигиеналық дағдыларын қалыптастыру.	Тәрбиешілер, психолог
№4 Желтоқсан 2023 ж.	1. Кеңес: «Қысқы кезеңдегі балалардың шынығуы мен денсаулығын сақтау». 2. Жаңа жылдық ертеңгілікті өткізу (ата-аналардың белсенді қатысуымен және рөлдерді сомдауымен).	Тәрбиешілер, медбике
№5 Қаңтар 2024 ж.	1. Педагогикалық кеңес / Ақпараттық үлестірме: «Баланың сөздік қорын дамыту және кітап оқу мәдениеті». 2. Ата-аналарға арналған сауалнама жүргізу.	Тәрбиешілер, әдіскер
№6 Ақпан 2024 ж.	1. Ашық есік күні: «Біз балабақшадамыз – шеберлік сыныптары» (ата-аналардың сабақтарға тікелей қатысуы).	Әдіскер, тәрбиешілер
№7 Наурыз 2024 ж.	1. Мерекелік іс-шара: «Аяулы жақсы анашым» (8 наурызға арналған ертеңгілік). 2. Ұлттық нақыштағы Наурыз мейрамын ата-аналармен бірлесе тойлау.	Тәрбиешілер, әдіскер
№8 Сәуір 2024 ж.	1. Спорттық сайыс / Эстафета: «Әкем, анам және мен – спорттық отбасы». 2. Медбикенің кеңесі: «Балалардың дұрыс тамақтану режимі және дәрумендер»	Тәрбиешілер, медбике
№9 Мамыр 2024 ж.	1. Қорытынды ата-аналар жиналысы: «Бір жылғы жетістік – болашаққа бағыт» (2023-2024 оқу жылының нәтижелері). 2. Нұсқаулық / Кеңес: «Жазғы кезеңдегі қауіпсіздік және демалысты дұрыс ұйымдастыру».	Әдіскер, тәрбиешілер, медбике, меңгеруші

Бақылау және басшылық

№	Бақылау мазмұны	Бақылау мерзімі	Бақылау қайда талданады	Жауаптылар
1	Жаңа оқу жылына топтардың әзірлігіне талдау.	Тамыз	№1 пед.кеңес	Әдіскер
2	Тәрбиешілердің педагогикалық құжаттарының дайындығы	Қыркүйек	№1ӨК-ТБ	Әдіскер

3	Мектепке дейінгі білім беру ұйымында инновациялық технологияларды қолдану	Қараша	№2ПК-ФБ	Әдіскер
4	Мектеп жасына дейінгі баланың салауатты өмір салтына деген құнды қатынасын қалыптастыру.	Қаңтар	№3ПК-СБ	Әдіскер
5	Мектеп жасына дейінгі балалардың ой-өрісін дамыту ойындары	Қаңтар	№2ӨК-ТБ	Әдіскер
6	Күннің II жартысындағы балалармен жұмысты бақылау	Ақпан	№4ПК -ТБ	Әдіскер
7	Ойын-сауықтар мен ертеңгіліктердің ұйымдастырылу деңгейі	Наурыз	№3ӨК-ТБ	Әдіскер
8	«Серуен кезіндегі түрлі ойын әрекеттерінің ұйымдастырылуы»	Сәуір	№5ПК-ФБ	Әдіскер

Әкімшілік-шаруашылық жұмыс.

Мақсаты: балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жағдайын жақсарту.

№	Жұмыс түрі	Мерзімдер	Жауапты	Өткізілген жұмыстың нәтижелілігі
1	Әдістемелік, көркем әдебиеттер алу	Жыл бойына	Директор Әдіскер	Әдіскерлік кабинеттің кітапханасын толықтыру.
2	Жиһазды бөлшектеп жөндеу	жыл бойы	Шаруашылық меңгерушісі	Жиһаздарды жұмысқа жарамды қалпында сақтау.
3	Іштің жөндеуі	маусым	Бөбекжайы директоры	Бөбекжай ішінің эстетикалық түрі талаптарға сай жөндеу
4	Бөбекжайы қызметкерлерінің мед тексерісін жүйелі өткізу	жыл бойы	Шаруашылық меңгерушісі Мед.бике	Бөбекжай қызметкерлерінің мед тексерісті уақытымен өтуі.
5 - -	Алу: Ойыншықтар Спорттық құралдар	жыл бойы	Бөбекжайы директоры	Қажетті ойыншықтар мен спорттық керек-жарақтарды алу.